

**● ҚАЗІРГІ ОРЫС ТІЛІНЕН  
ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КАЛЬКАЛАУ  
АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЖАҢА  
ФРАЗИОЛОГИЗМДЕР МЕН  
ИДЕОЛМАЛАР**

С.И. Влахов, С.П. Флорин

# Непереводимое в переводе

Библиотека лингвиста

ИЗДАНИЕ "Р. Валент"


020010



**С. Влахов**



**В.Н Камиссаров**



**А.В Федоров**



**Я.И Рецкер**



ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР — ТАРИХИ КАТЕГОРИЯ: БҰЛ ОҒАН ДӘУІРЛІК СИПАТ БЕРЕДІ. ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ ЖЕКЕ СӨЗДЕР СИЯҚТЫ ТІЛДІК ЕДИНИЦА РЕТІНДЕ ЖҰМСАЛАДЫ ДА ҮНЕМІ ДАМУДА БОЛАДЫ. БІРАҚ БҰЛ ҚҰБЫЛЫС ЛЕКСИКАҒА КАРАҒАНДА, ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕ ӨТЕ БАЯУ. ОНЫ ӘР КЕЗДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІНЕН АЙҚЫН КӨРЕМІЗ.

Фразеология саласы-тіл біліміндегі ең күрделі сала. Сондықтан аудармашы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі өте маңызды және сөйлемде кездесетін фразеологизмдердің ұлттық-мәдени бояуларын ажырата алуы қажет.

Фразеологиздерді ажырату және оны аудару, аудармашыға көп қиындықтар тұғызады. Мысалы. Фразеологиздердің көп компонентті мағыналарының құрамындағы сөздердің мағынасынан алшақ болуы, ең бастысы – сөйлем ішінде фразеологиздерді еркін сөз тіркестерінен бірден ажыратып алуға болмайтындығы. Осыдан барып түпнұсқа тілден аударылған фразеологиздердің толыққанды мағынасы аудармада күңгірттеніп, мүлдем өзгеріп кетеді.

Фразеологилық аударма деп-аударма тілі мен түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің арасындағы мағыналық жақындықтарды іздеп, бір-біріне жақын фразеологилық эквивалент табу.

# ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ДАМУЫ

## ішкі даму процесі

- Тұрақты сөз тіркестері, ең алдымен, сол тілдің иесі болып табылатын халықтың ұлттық ерекшелігіне қарай жасалып, қалыптасады.

## сыртқы процесі

- Халықтар арасындағы қарым-қатынас бір тілден екінші бір тілге фразеологизмдердің ауысып отыруына мүмкіндік туғызады. Фразеологизмдер бір тілден екінші тілге сөйлеу тілі және жазба нұсқалар (пуб-лицистика, көркем әдебиет т. б.)

- **КЕЗ КЕЛГЕН ГАЗЕТ АЙДАРЫНЫҢ НЕМЕСЕ МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫН ТҮСІНУ ҮШІН АВТОР МЕН ОҚЫРМАННЫҢ ҰЛТТЫҚМӘДЕНИ, ФОНДЫҚ БІЛІМДЕРІ БОЛУ КЕРЕК. БҰЛ ФОНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТЕК ӘРБІР ЖЕКЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ТӘН БОЛЫП КЕЛЕДІ. СОЛ ТІЛДІҢ МӘДЕНИ ҚОРЫН ҚҰРАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ТАҚЫРЫП ОҚЫРМАНҒА ТЕК ХАБАР БЕРІП ҚАН А ҚОЙМАЙ, СОНЫМЕН БІРГЕ АВТОР МЕН ОҚЫРМАН ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ БЕРЕДІ. АВТОР МӘТІН АРҚЫЛЫ ӨЗІНІҢ МӘДЕНИ ПОТЕНЦИАЛЫН, ЯҒНИ ӘЛЕУМЕТТІЛІГІН КӨРСЕТСЕ, ОҚЫРМАН ОНЫ ҚАБЫЛДАЙ ОТЫРЫП, ӨЗІНІҢ ТІЛДІК КОМПЕТЕНЦИЯСЫН КӨРСЕТЕ БІЛУ КЕРЕК.**
- **ЖАЛПЫ, ТАҚЫРЫП ГАЗЕТ МАТЕРИАЛЫНЫҢ АТЫ ҒАНА ЕМЕС, ОНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ ДА ДЕГЕН СӨЗ. ТАҚЫРЫП ПЕН МАТЕРИАЛДЫҢ МАЗМҰНЫ ЕГІЗДІҢ СЫҢАРЫНДАЙ БІР БІРІН ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАТЫНДЫҚТАН, ОҚЫРМАН ТАҚЫРЫПҚА ҚАРАП МАҚАЛА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕНІҢ СӨЗ БОЛАТЫНЫН БІРДЕН АҢҒАРАТЫНДАЙ БОЛУ КЕРЕК. МӘСЕЛЕН, ТАРТЫМДЫЛЫҚ, НАҚТЫЛЫҚ, ҚЫСҚАЛЫҚ, ҰСТАМДЫЛЫҚ, САУАТТЫЛЫҚ СИЯҚТЫ ТАҚЫРЫП ОЮДЫҢ НЕГІЗГІПРИН**

# “ЖАНАЙҚАЙ”

Адамның ішкі дүниесіндегі қынжылыс, қиындық, ренішті білдіретін “жанайқай” – сөзінің қазіргі баспасөз бетінде мағыналық жағынан кең өріс алғаны, сондай-ақ, “жанайқай” сөзінің тіркесімділік қабілетінің тереңдегені байқалады.

Аналардың балаларына төлемақы төлеуді талап етуіне байланысты	“Аналардың айқайы”	(«Жас Алаш», №17,1-б.)
	“Ашынған аналардың жанайқайы”	(«Жас Алаш», №9, 1-б.),
Біздегі әуе кемелерінің 75 пайызының пайдалану мерзімі <u>әлдеқашан өткені туралы</u>	“Жар жағасындағы жанайқай”	(«Жас Алаш», №51, 2-б.),
Сол сияқты Шалқардағы “Жылу жүйесі” акционерлік қоғамының бір топ жұмысшысы өздерінің мандай терімен тапқан жалақыларына қолы жетпей жүргені туралы	“Жалақы жанайқайы”	(«Айқын», №17, 1-б.)

**ҚАЙ ТІЛДІҢ БОЛМАСЫШ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗ-АРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ БІРІН-БІРІ ТОЛЫҚТЫРЫП ОТЫРАДЫ. АЛ БҰЛ МӘСЕЛЕ, БІР ЖАҒЫНАН, ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӘТТІ АУДАРЫЛУЫНА ДА БАЙЛАНЫСТЫ. ЯҒНИ БІР ТІЛДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕКІНШІ БІР ТІЛГЕ АУДАРЫЛҒАНДА ОЛАРДЫҢ ЖЫМДАСЫП, ЖАТЫҚ БОЛЫП ЖҰМСАЛУЫНДА.**

**ОҒАН В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНАН МЫСАЛДАР КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ.**

<b>қай жер жақсы болса, отан сол жерде</b>	<b>где хорошо, там отечества</b>	<b>3-том, 340-бет</b>
<b>Жақсы аяқталған істің бәрі жақсы</b>	<b>все хорошо, что хорошо кончается</b>	<b>33-том, 242-бет</b>
<b>Әрбір жемістің өз уақыты бар</b>	<b>всякому овощу свое время</b>	<b>13-том, 295-бет</b>
<b>Жақсы даудан жаман бітім артық</b>	<b>худой мир лучше доброй ссоры</b>	<b>5-том, 382-бет</b>
<b>Ештен кеш жақсы</b>	<b>лучше поздно, чем никогда</b>	<b>6-том, 270-бет</b>
<b>Әрбір істің басталуы қиын</b>	<b>всякое начало трудно</b>	<b>8-том, 102-бет</b>
<b>Жылтырағанның бәрі алтын емес</b>	<b>не все то золото, что блестит</b>	<b>20-том, 340-бет</b>



## **В, И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЙБІР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАЗАҚША АУДАРМАСЫ ҚАЗАҚ ОҚУШЫЛАРЫМЫЗҒА ТҮСІНІКСІЗ БОЛЫП ШЫҚҚАН:**

- 1. ОРЫСТЫҢ ЕСКІ СӨЗ ҚОЛДАНУЫ БОЙЫНША, БҰЛ ЖЕРДЕГІ ҚОҒАМ ДЕЛІП ОТЫРҒАНЫ — ӨЗДЕРІН ЖЕРДІҢ ТҰЗЫМЫЗ ДЕП САНАЙТЫН, ӨЗДЕРІН ТӘ-КАППАРЛЫҚПЕН “ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯМЫЗ” ДЕП АТАЙТЫН “КӨПШІЛІК ШІКІР” ТУДЫРАТЫН Т. Б. ЖӘНЕ КӨКСЕЙТІН ЛИБЕРАЛДЫҚ ЧИНОВНИКТЕРДІҢ, БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ, ЕРІККЕН РАНТЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ӨР КӨКІРЕК ӨЗІНЕ МӘЗ ҚОЛЫ БОС ЖҰРТТЫҢ БІР ТОБЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ (12-ТОМ, 373-БЕТ).\_\_\_\_\_**
- 1 В И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫН АУДАРУ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӨНІНДЕ М.ЖАНҒАЛИН ӨЗІНІЦ “ОБ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПАХ ПЕРЕВОДА С РУССКОГО НА КАЗАХСКОЙ ЯЗЫК” ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫНДА ТОҚТАЛҒАН (ДОКЛАДЫ ОТ КАЗАТСТАНА НА МЕЖДУРЕСПУБЛИКАНСКОМ СОВЕЩАНИИ ПО ВОПРОСАМ ПЕРЕВОДА ЛИТЕРАТУРЫ С РУССКОГО НА ЯЗЫКИ НАРОДОВ СРЕДНЕЙ АЗИИ, КАЗАХСТАНА И АЗЕРБАЙЖАНА. АЛМА-АТА, 1958 Г)**
- 2. ӨЗІН ЖЕРДІҢ КІНДІГІ ДЕП ЕСЕПТЕУГЕ ДАҒДЫЛАНҒАН ЕСКІ БУРЖУА-ЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИСТІК ЕВРОПА БІРІНШІ ИМПЕРИАЛИСТІК ҚЫРҒЫНДА САСЫҚ БІТЕУ ЖАРАДАЙ, ШІРІП БАРЫП ЖАРЫЛДЫ (33-ТОМ, 346-БЕТ).**
- 3. ИТТІҢ КӨМІЛГЕН ЖЕРІ ОСЫ. БҰЛТАРЫСТАРДЫҢ, СОФИЗМДЕРДІҢ, АЛА АЯҚТЫҚ БҰРМАЛАУЛАРДЫҚ БАРЛЫҒЫ КАУТСКИЙГЕ КҮШ ЖҰМСАУ РЕВОЛЮЦИЯСЫНАН ЖАЛТАРУ ҮШІН, ӨЗІНІЦ ОДАН БЕЗУІН, ӨЗІНІЦ ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ САЯСАТЫ ЖАҒЫНА, ЯҒНИ БУРЖУАЗИЯ ЖАҒЫНА ШЫҒУЫН БҰРКЕУ ҮШІН КЕРЕК БОЛЫП ОТЫР. ИТТІҢ КӨМІЛГЕН ЖЕРІ ОСЫ (28-ТОМ, 235—236-БЕТТЕР).**
- 4. ПЕТРОГРАД КӨТЕРІЛІСІН БОЛДЫРМАУҒА ҚАМЕНЕВ ПЕН ЗИНОВОЕВТІҢ ІСТЕГЕН ЭРЕКЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕ КӨТЕРМЕКШІ БОЛҒАН “ДАУЫЛ” СТАҚАНДАҒЫ СУДЫҢ БҰРҚЫЛЫ БОЛЫП ШЫҚТЫ (26-ТОМ, 297-БЕТ).**




Фразеологизмдерді бір тілден екінші бір тілге аударуда әр халықтың өзінің тілді қолдану дәстүрін мұқият ескеру қажет. Сонымен бірге ол фразеологизмдердің ең алғаш қай тілге тән екенін және оның қалай қалыптасқанын білу керек.



“ИТТИҢ КӨМІЛГЕН ЖЕРІ — ОСЫ” ДЕГЕН СӨЙЛЕМШЕ ЕҢ АЛҒАШ НЕМІС ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛЫП ҚАЛЫПТАСАДЫ. МҰНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ БЫЛАЙ БОЛҒАН: XVI ҒАСЫРДА ӨМІР СҮРГЕН БІР НЕМІС ЖАУЫНГЕРІНІҢ ИТІ БОЛАДЫ. ОЛ ИТ БІР КЕЗДЕ ИЕСІН ӨЛІМНЕН АЛЫП ҚАЛСА КЕРЕК. ИТТИҢ БҰЛ ЖАҚСЫЛЫҒЫН БАҒАЛАҒАН ИЕСІ ОҒАН ӨЛГЕННЕН KEЙІН АЙРЫҚША КӨЗ ТАРТАРЛЫҚ ӘСЕМ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТАДЫ. ЕСКЕРТКІШТІ КӨРУГЕ ЖЕР-ЖЕР-ДЕН АДАМДАР КЕЛЕТІН БОЛҒАН. ОЛАР КЕЛГЕН БЕТТЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫН-ДАРДАН: “ӘЙГІЛІ ИТ ҚАЙДА КӨМІЛГЕН” (ГДЕ ЗАРЫТА ЗНАМЕНИТАЯ СОБАКА?) ДЕП СҰРАЙДЫ ЕКЕН. ОСЫЛАЙША АЙТЫЛА-АЙТЫЛА, ОЛ АҚЫРЫ ҚАНАТТЫ СӨЗГЕ АЙНАЛЫП КЕТКЕН



- “БУРЯ В СТАКАНЕ ВОДЫ”— СТАҚАНДАҒЫ СУДЫҢ БҰРҚЫЛЫ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ДЕ ОСЫНДАЙ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ БАР. СӨЙЛЕМШЕ АУЫС МАҒЫНАДА, ЕЛЕУСІЗ КӨҢІЛ БӨЛУГЕ ТҰРМАЙТЫН НӘРСЕ БОЛА ЖАНЖАЛ ШЫҒАРУ, БОСҚА ҚЫНЖЫЛУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ МҰНЫ ТҰҢҒЫШ КОЛДАНҒАН — ФРАНЦУЗ ФИЛОСОФЫ МОНТЕС (1755—1889). БІРАҚ МОНТЕСКЬЕГЕ ДЕЙІН ДЕ ОНЫҢ \<БУРЯ В ГОРШКЕ”, “БУРЯ В РАЗЛИВАТЕЛЬНОЙ ЛОЖКЕ” ДЕГЕН-СИЯҚТЫ ВАРИАНТТАРЫ БОЛҒАН ЕКЕН.





# ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНБЕЙ АУДАРУДЫ КӨРКЕЙ ШЫҒАРМАДАН ЖӘНЕ ГАЗЕТ БЕТТЕРІНЕН ДЕ КЕЗДЕСТІРУГЕ БОЛАДЫ.



**Чехов**

«мүмкін бұл адам суға кетіп өзі өлген шығар немесе Мұның төркінінен Сибирьдің иісі аң-қып тұруға да мүмкін» (Чехов. Әңгімелер жинағы 9-бет)

Может этот уютный покойный сам утоп, а может тут дело сибирью пахнет.



**А. С  
Макаренконың**

Ванда балаларға таңырқап қарады да, орындықтың шетіне қарай жылжып отырды. Мұның назарын бұлт енді өзіне аудара алмады. Ол вокзал алаңының неғұрлым прозалық су-реттеріне әуестенумен шұғылданды

Ванда удивленно оглядела мальчиков и подвинулась на край скамейки. Облака перестали ее занимать, она занялась более прозаическим пейзажем привлекательной площади.



# ОРЫС ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІН, ҚАЗАҚША ТЕКСТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНА МЫСАЛДАР:

- — ҚАРАҒЫМ-АУ, ЖАҢА КЕЛІП ТҰРСЫҢ БА? ШАЙ ҚОЯЙЫН БА?. ТҮУ, ҚҰЛЫНЫМ-АЙ, ҚИНАЛЫП ЖҮРСІҢ-АУ,.. ШЫДА... ШЫДА... ОРАҚ ТА АЯҚ-ТАЛАР...
- — ЖОҚ, АПА, МЕН ҰЙЫҚТАЙЫН...
- ОЛ ШАМДЫ ДА ЖАҚПАДЫ. СИПАЛАП КЕЛІП, ТӨРГІ БӨЛМЕГЕ ЕНДІ. БИБІГҮЛ КӨЗІН АШЫП АЛДЫ.
- — СЕНБІСІҢ, САҚАН! КЕШІКТІҢ ҒОЙ...
- «— ИӘ, КЕШІКТИМ. МЕНІ ЕРТЕРЕК ОЯТАРСЫҢ. ЖҰМЫСТАН КЕШ ҚАЛЫП, ЖҮРМЕЙІН,— ДЕДІ.
- — САҚАН-АУ, САҚАЛ-МҰРТЫҢ ӨСІП КЕТІПТІ ҒОЙ,— ДЕДІ БИБІГҮЛ. АНАУ ҮНСІЗ. ТӨСЕККЕ БАСЫ ТИСІМЕН ҚОР ЕТЕ ТҮСТІ.
- БАЛ АЙЫ ОСЫЛАЙША МАЗАСЫЗ...

Осындағы “бал айы” — орыс тіліндегі (медовой месяц) деген бейнелі сөз тіркесінің аудармасы, бірақ мұнда, ол дұрыс ауда-рылмаған.

Ни рыба, ни мясо — ет те емес, балық та емес.  
 Как две капли воды — екі тамшы судай.  
 Рыбак рыбака видит издалека — балықшы балықшыны алыстан көреді.  
 Лучше поздно, чем никогда — ештен кеш жақсы.  
 Правда — хорошо, а счастье — лучше — шындық жақсы, ал бақыт жақсырақ.

**1.**  
**Фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі.**

Вариться в собственном соку	— Өзімен-өзі болу
Козел отпущения	— кінәлі ету.
Лезть вон из кожи.	— тыраштану
Подложить свинью	— қастық, істеу.
Принимать за чистую монету	— шынға балау.
Яблоко раздора.	— егестің басы
Водить за нос	— әуреге салу.

**Жалпы фразеологизмдерді аударудың үш түрлі тәсілі бар;**

Көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге, сөзбе-сөз аударылады. Бұған идиомнан гөрі әсіресе макал-мәтел мен қанатты сөздер бейім келеді.

Беречь как зеницу ока — көздің қарашығындай сақтау.  
 В пух и в прах — күлін көкке ұшыру.  
 В прятки играть — жасырынбақ ойнау.  
 Он пятки показал — ол өкшесін бір-ақ көрсетті.  
 Зубы точить — тісін қайрау.  
 Хоть глаза выколи — көзге түртсе көргісіз.  
 Волосы встали дыбом — төбе шашы тік тұру.

**2.**  
**Фразеологизмдерді аударуда олардың өз ара мәндес келетіндігі ескеріледі**

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1971. – 60 с.
- 2 Гак В.Г. О контрастивной лингвистике // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва,: Прогресс, 1989. – 5с
- 3.Рысалды Қ.Т. Салғастырмалы типологиялық зерттеудің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. – Алматы, 2001. – 31 с.
- 4.М ШАНСКИЙ. ФРАЗЕОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО РУССКОГО ЯЗЫКА МОСКВА 1973,  
93-БЕТ